

B. M. СҮЙЕРҚҰЛ

«ХОСРАУ УА ШЫРЫН» ЕСКЕРТКІШІНДЕГІ ЭМОТИВ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР ҚОЛДАНЫСЫ (жазба ескерткіштер материалы бойынша)

Лингвистикалық зерттеулердің адамтану бағытында жүргізілуі эмоциялар мен сезімдерді білдіретін лексикаға назар аударуды қажет етеді. Эмоциялар адамзат тәжірибесінің барлық қырларын қамтитын негізгі саланы құрайды. Сондыктан эмоционалдық саласын адам өмірінің ең күрделі жүйесі десек артық емес. Себебі адам баласы басынан кешіретін эмоциялық күйдің ауқымы мен шенбері аса үлкен. Ол күнделікті тіршілігіндегі үйреншікті жұмысын, іс-әрекеттерін жүзеге асырудан болатын қарапайым ғана қанағаттанудан (өзіне разылық сезімі) жақын адамынан айрылған кезде түсетін жан күйзелісіне (қайғыру) дейінгі аралықты қамтиды. Осы көніл күйі мен жан күйлерінің барлығы дерлік тілімізде әртурлі дәрежеде көрініс табады. Сондыктан эмоциялар мен сезімдер физиологтар мен психологиярдың ғана емес, лингвистердің де терең зерттеуін талап етеді. Мұнда зерттеушілер назарын сөйлеушінің өз сезімдерін жеткізу барысында және тындаушының эмоционалдық саласына әсер ету үшін колданатын тілдік құралдар аудартады.

Адам эмоцияларының вербалды түрде жеткізілуі тілімізде *эмотивтілік* деп аталатын айрықша категорияның болуын қажет етеді. Ол эмоционалдылық деп аталатын психологиялық категориямен өзара тығыз байланысты болады.

Эмоционалдылық (эмотивтілік) – әрбір сөздің дерлік, өзі тікелей атқаратын атауыштық қызметінен бөлек, *эмотивті-багалаушытық семиологиялық қызметті де жұмсалуға қабілетті* болуы [1, 20].

“*Эмотивтілік*” терминін ғылыми айналымға XX ғ. 20-жылдары Б. А. Ларин енгізген болатын. Эмотивті лексиканы зерттеудің алғашкы сатысы А. А. Потебня, Н. Я. Гrot есімдерімен байланысты. Олар негізінен кез келген эмоцияның атауына негіз болатын заттық ассоциацияларды айқындаумен айналысады. XX ғ. басында эмоциялардың жекелеген топтары зерттеле бастады, мәселен эмотивтік предикаттар Ф. Ф. Фортунатовтың, А. А. Шахматовтың, А. М. Пешковскийдің енбектерінде “ішкі психикалық күйлерді білдіретін етістіктер” деп аталған. Бұл ғалымдар сезім предикаттарының категориялық семантикасына айрықша көніл бөлген.

Көркем мәтін, ең алдымен, адамның эмоциялары мен сезімдері әлемімен байланысты болады.

Эмотивті лексиканы зерттеудің қызықты да тартымды жері – адамның сезімдері, құштарлық, ынтықтық т.б. эмоциялардың шынайы табиғаты және олардың қаншалықтың күшті екендігі жөнінде сол сезімдердің адамның ішкі әлемінен сыртқы әлемге шыққанда иемденетін формасы (кейпі, бейнеленуі), яғни СӨЗ арқылы білуге болатындығы. Осындағы лексиканың зерттелуі көркем мәтіннің идеялық мәнін ұғыну үшін және тұтас алғанда адамның психологиясын түсіну үшін қажет өрі маңызды.

Шығарма кейіпкерлерінің эмоциялары айрықша психологиялық реалдылық болып табылады. Олардың мәтінде жиынтығы – сюжет дамуымен катар, бірге өзгеріп отыратын кейіпкер ішкі әлемінің түрлі жағдайлардағы, оның өзге де субъектілермен қарым-қатынасы барысындағы өзгерістерін көрсететін алуан түрлілік.

Орта ғасырларда жазылған мұралар – қыпшақ тілдерінің сол кезде калыптасып үлгерген жүйесімен катар, сол диахрониялық тілдік ұжымда орын алған адамның сезім күйлерін жеткізу үшін тұрақты, жаппай немесе ішінара жұмсалатын эмотивтік лексиканы да танып, талдауға мүмкіндік беретін дереккөз болып саналады. Одан бөлек, ескерткіштер тіліне, стилі мен поэтикасына арналған зерттеулердің аздығы бұл салада атқарылар жұмыстың көп екенін білдіреді.

Ескерткіш авторы өз заманының сөз зергері болғандықтан оның көпқырлы шығармашылығының лексикалық аспектілеріне үңілуді қажет етеді және оның тіл тарихы мен ұлт тарихына, діліміздің арна-бастауларына қатысты көптеген мәселелердің беті ашылуы үшін берері де көп болмак. Сондыктан осы мақалада орта ғасырларда жазылған әдеби туындыларда қолданылған эмотивтік лексикалық бірліктер зерттеу нысанына алынып отыр.

Эмотив – сөз иесінің эмоционалды күйін немесе эмоционалды қатынасын білдіру үшін жұмсалатын сөз немесе фразалық тіркес [1, 251].

Эмотив мәнді бірліктер сөзжұмсамда сөйлеушінің эмоционалдық күйін білдіріп қана қоймайды, сонымен катар оның эмоцияларын атайды да (атауыштық қызметті). Мұнда ең алдымен адам басынан кешіріп отырған, сезінген түрлі күйлерін білдіретін *етістіктер* жатқызылады. Мысалы:

рахаттану, ләззаттану, таңғалу, толқу т.б. етістіктер; быт-шыт болу; тас-талқаны шығу (ашулану) т.б. фразалық тіркестер.

Адам баласының эмоцияларды танып-білудегі тәжірибесі тілдік бірліктерде катталып, бекітіледі. Эмоциялар өмбебап, бірақ әртүрлі тілдердегі эмотив лексиканың құрылымы әр алуан болады, себебі оларда ұлттық өзіндік ерекшелік те айқын көрінеді. Осымен байланысты лексикалық семантикадағы *әмбебап эмотив мәндегі* бөліп алу қажет болады. Эмотив лексика бағалауыштық лексикамен тығыз байланысты, алайда, эмотив лексиканы зерттеуде бағалауыштық мәндегі сөздерді (жаппай теріп алу) алу дұрыс емес. Эмотив лексиканы құрайтын барлық көптіктерді сипаттаудың біртұтас моделін жасауға негіз ретінде *эмотивтілік семасын тандауға* болады. Ол эмоциялардың сөз семантикасында манифестиациялануына қатысады.

Сөздің семалық құрылымында түрлі позицияларды иемдене отырып, эмотивтілік семасы басты категориялық-лексикалық сема немесе тәуелді (бағынышты) дифференциалды сема бола алады. Сезімдер мен эмоцияларды іс жүзінде бір ғана тілдік құрал арқылы білдіру, жеткізу мүмкін емес. Соңыктан да сөзжұмсамдағы эмоционалдылық әртүрлі деңгейлердегі тілдік құралдар жынтығы арқылы білдіріледі, жеткізіледі. Солардың негізгілері – *мағынасында эмоционалдық компоненті бар сөздер*. Оларда “міндетті түрде заттың бір сипаттамасы және оған деген эмоционалды қатынас (көзқарас) қоса беріледі” [2, 95]. Мұндай эмотивтерде белгілі бір *денотативтік мағына* және сөйлеушінің денотатқа қатынасын білдіретін *эмоционалды компонент* болады. Мысалы, “*құлу*” етістігі арқылы берілетін процесті – *ыржындауды, ыржасақтады, ыржаланадады, ыржиды* т.б. деу т.б.). Ал осы мағынаны біршама образзы түрді жеткізу үшін қолданылатын ФБ сөз иесінің өзі сипаттап отырған өрекет-құбылысқа т.б. деген көзқарасын барынша бояуы қанық түрде білдіреді. Мысалы, *ишек-сілесі қатты, (кулкіден) ішегі түйіліп қала жазадады, езуі жиылмады* т.б.

Сонымен танымдық бағыттағы зерттеулерде “Эмоция – ғалам бейнеленуінін адамның жан күйіндегі толқу сезімдерін білдіретін формасы”. Эмоциялар көп қырлы: олар адамның сезімдері мен тәжірибелеріне, физиологиясы мен мінез-құлқына, таным формалары мен концептуализацияларға қатысты болады.

Эмоция: *эмоционалды реакциялар* (сырттай берілу, көріну тәсілдері бар); *эмоционалды қүйлер*

(ішкі эмоциялық қалыптарды білдіреді); *эмоционалды толқу, уайымдау* т.б. сияқты көптеген құбылыстарды қамтиды.

Тілде *эмотивті құралдардың* (ЭК) белгілі бір көлемдегі жынтығы болады. Олар коммуникацияның табиғи түрде өтүіне өсер етеді. Эмотивті құралдар ұғымы эмотивтілік категориясына байланысты. *Эмотивтілік категориясы дегеніміз – эмоциялардың жеткізілуі, берілуі, көрінуі.*

Көркем туындыларда *эмоционалды ая* жасау үшін қолданылатын эмотивті құралдар (ЭК) кешені анағұрлым құрделі болады. Себебі эмоционалдық қүйлердің көркем мәтінде берілуінің өзіндік ерекшеліктері бар. Ондағы эмотивті лексика, аузызекі сөзжұмсаммен салыстырғанда, анағұрлым бай, алуан түрлі және метафоралы сипатта болады. Ол алуан түрлілік мәтін иесі іріктең жұмысаған фразеологиялық бірліктердің (ФБ) есебінен жүзеге асырылады.

Көркем мәтіндегі эмотивтіліктің функционалды-семантикалық өрісі тілдің лексикалық бірліктерінің сөз таптары арасында құрылымданған көптігінін (множество) семантикалық және функционалдық сипаттамаларының бірлігі, тұтастығы болып табылады. Олар жалпы, интегралды семантикалық белгісі – эмотивтілік негізінде бөлініп көрсетіледі.

Лексика сияқты фразеологияда да сөз мәнерлілігін арттыратын бай құралдар болады. Олар сөзжұмсамға айрықша экспрессиямен қайталанбас ұлттық нақыш үстейді. Тілдің мәнерлілігі көбінесе оның фразеологиясына байланысты болады. Фразеологиялық бірліктердің (ФБ) басым бөлігі жай ғана сөздермен немесе сипаттама конструкциялар арқылы жеткізуге болатын ұғымды білдіреді. Дегенмен фразеологизмдер синоним сөздер мен сипаттама оралымдардан мағыналық ренктері арқылы, ең бастысы, экспрессиясы арқылы ерекшеленеді.

Фразеологизмдерді сөзбен немесе сөз тірке-сімен алмастырғанда, екеуінің білдіретін мағынасы тек болмайды: бұлайша ауыстырғанда мағыналардың ренктері, образдар, эмоциялар – яғни фразеологизмдердің семантика-стилистикалық өзіндік ерекшелігін құрайтынның бәрі “жоғалып кетеді”: (*уріп ауызга салғандай* – өдемі, сүйкімді; *аузынан ак им кіріп, кок им шықты* – балағаттады; *қоңілі қалды* – ренжіді т.б.).

Фразеологиялық бірліктердің (ФБ) мазмұнында номинативтік және эмоционалды-бағалауыштық элементтердің қатар сыйысуы тіл иегерлерінің фразеологизмдерді ойдан логикалық

мазмұнын ғана емес, сонымен бірге бір нәрсені (адам, құбылыс т.б.) образды түрде елестетуді білдіру үшін де қолдануға мүмкіндік береді. Ал образды елестету арқылы сөз иесі өз ойына өзек болған нысанға деген эмоционалдық катынасын да білдіре алады. Мысалы, бір нәрсені егжай-тег-жайлі түгел билетін (адам) мағынасын білдіретін – “жілігін шағып, майын ішкен” сияқты фразеологиялық бірліктер адамның қасиет-сапаларын бейнелі түрде сипаттайтын және сонымен қатарап оған деген белгілі бір қатынасты да (мадактау, мақтау, кекесін т.б.) білдіретіндіктен, мұндай фразеологизмдерді бейтарап жағдайтта, яғни ондай көзкарас (мақтау-мадақ немесе кекесін) жок жерде қолдануға мүмкіндік бермейді.

Лексикалық бірліктердің көркем мәтіндегі мәні жалпытілдік және индивидуалды-авторлық түпбастаулардың өзара өрекеттестігі арқылы жасалады. Көркем шығарма (мәтін) кейіпкерлерінің эмоционалдық құйлерін ашуда, олардың эмоционалдық өлемі жөніндегі түсініктерді жеткізуде және автордың накты жеткізбек болған діттемін анықтап, ашуда лексикалық құралдар жетекші рөл атқарады. Мәселен, XIV ғасыр мұрағаттары саналатын “Хұсрау уа Шырын” мен “Гүлістан” шығармаларынан алынған мынадай қолданыстарда осындай жетекшілік ролін атқаратын бірлік ретінде “көніл” лексемасы танылады. Ол өзі курамына енген ФБ-дің бүкіл мәтін бойында эмоционалдықая (ЭА) жасауына негіз болады. Осы ЭА-дағы сезімдер алуантүрлілігі (гаммасы) *етістіктер* арқылы нактыланып, қүшайп отырады:

Көнүлі ачылды – Көнілі көтерілді

Көрүб түрлүг чечәк **көнүлі ачалсун** – Көріп түрлі шешекті (гүлді) көнілі ашылсын (жадырасын, қабағы ашылсын) (XIII).

Көнүлі йарым – көнілі жарым

Ансыз болды **көнүлім** імді **йарым** – Онсыз болды көнілім енді жарым (XIII).

Көнүлін авлады – көнілін аулады

Тілін тебрәтсө ол ел **көнүлін авлар** – Тілін тебірентсе, ол ел көнілін аулар (XIII).

Көнүлі тарықды – көнілі тарықты

Қалыб یалғуз теді **көнүлі тарықсун** – Қалып жалғыз деді көнілі тарықсын (XIII).

Көнүлін қарақлады – көнілін жауулап алды (қарақтады)

Қарақлар көнлини аның қарақы – Оның (қызын) көздері (жігіттің) көнілін қарақтайтын (журегін жаулайды) (XIII).

Көнүлдә әндишә бар – *Көнілде ой бар*

Нечә йыл болды **жаным өскәр** ерді, **Көнүлдә**

ошбу әндишә бар ерді – *Nеше жыл болды жаным ансар еді, Көнілде осы ой бар еді*

Көнүл қазғусыны тарғамақ – көніл қайғысын таркату

Бу көнүл қазғусыны тарғаман теп – *Бұл көніл қайғысын тарқатамын деп.*

Көнүл ачар – көніл ашар

Гүл жамалы бірнечә күндә кечәр *Бу Гулистан дәйима көнүл ачар*

Гүл жамалы бірнеше күнде кешер Бұл “Гүлстан” әрдайым көніл ашар (Г)

Шадман болур көнүл – көнілі шат-шадыман болу

Бу Гулистанға тамаша қылған ер, Дәмбә-дәм ма'на ယемішін жер.

Бұл “Гүлстанды” тамашалаған ер, Дембе-дем мағына жемісін жер.

Жан қачан болгай Гулистандан мәлүл, Чүн көрүжасқ **шадман болур көнүл**

Жан қашан “Гүлстаннан” жалығар болса, Қайта көріп, **шат-шадыман болар көніл** (Г)

Ары көнүл – ақ көніл

Һәр кішінің кім сураты көркі дурур, сийраты көркі дегүл. Ташина і'тибар үйқ, ары керәк көнүл.

Әр кісінің келбеті көрінгенімен, ойы көрікті емес. Сыртына сенім жок. **Көніл ақ (таза) болу керек** (Г).

Көнілін ағрытты – көнілін ауыртты (калдырыды)

Әзиз ғұмруң харж етіп, татлы жсан бекін дост хасыл еттің дагы бір саңл сөз білән аның **көнілін ағрыттың**.

Фазис ғұмрыңды сарп етіп, адал жанмен дос-тастың да, бір жағымсыз сөзбен оның **көнілін ауырттың** (калдырыдын).

Сонымен эмоцияларды тікелей бастан кешіру мен оларды сипаттау арасындағы байланыстылық (корреляция) мәселесі көркем мәтінде барынша образды түрде беріледі. Ол образдылық тұтас мәтін бойы жалғасын табатын эмоционалдық ая арқылы көрініс табады. Осы ая эмотивтілік категориясының шенберін құрайды.

ӘДЕБИЕТ

1. *Шаховский В.И.* Категоризация эмоций в лексико-семантической системе языка. Воронеж, 1987.

2. *Стернин И.А.* Проблемы анализа структуры значения слова. Воронеж, 1979.

Резюме

Рассматривается языковая природа категории эмотивности на материале письменных памятников XIV века.